

## Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 8-37-5 шешімі

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 582-бабының 1-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде автотұрақтарға (паркингтерге), автожанармай құю станцияларына бөлінген, казино орналасқан, сондай-ақ тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерінен басқа, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 577 және 578-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері елу пайызға арттырылсын.

2. Осы шешім 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының  
төрағасы *Г. Әбілқайырова*